**Бекітемін:**
**Мектеп директоры С.Т.Рамазанова**

**2022-2023 оқу жылына педагогикалық кеңес жұмыс жоспары**

**Мақсаттары :**
мектептің дамуын басқару;
- білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқу процесін жетілдіру мәселесі бойынша педагогикалық ұжымның күш -жігерін біріктіру;
- ғылым жетістіктері мен инновацияларды насихаттау және педагогикалық практикаға енгізу.

| **Жұмыстың негізгі бағыттары** | **Іс шаралар** | **Жауаптылар** | **Орындалу мерзімі** |
|---|---|---|---|
| **№1 отырыс** | **«Білім мен ғылым – елдің тұрақты дамуы»** 2021-2022 өткен оқу жылының нәтижесін сараптау. Жаңа оқу жылының міндеттерін айқындау. 2022-2023 оқу жылына оқу-тәрбие жоспарын бекіту | Мектеп директоры | 25.08.2022 ж |
| | «2022-2023 оқу жылының басталуы туралы» бұйрығымен таныстыру. Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Мұғалімдердің апталық сағат жүктемелерін бекіту. | Мектеп директоры ОІМ | |
| | Әдістеме бірлестікпен сынып жетекшілер, кабинет меңгерушілерін бекіту, жұмыс тәртібі ішкі күн тәртібі | ТІМ | |
| | Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қолдау көрсету. Педагогикалық білім беруді жаңғырту. | психолог | |
| | Оқытудың штаттық режимінде санитарлық талаптарды сақтау | Директор | |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | «Педагогикалық әдеп», комиссия құрамымен таныстыру. «Педагог мәртебесі» заңын ескерту | | |
| | «Мектепке жол» акциясының жүргізілуі | ТІМ | |
| | Электронды журналды толтыру | Токубаев А.М. | |
| | Мектептің ішкі еңбек тәртіп ережесімен таныстыру, лауазымдық міндеттемелер,педагогикалық этика. | директор | |
| | Әр түрлі мәселелер<br>Дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне, ІТ сағатына біліктілік лауазымдылық ақы төлеу | Мектеп директоры | |
| **№ 2 отырыс** | **Білім берудің инновациялық моделін құрастыру**<br>Өткен пед.кеңес шешімінің орындалуы туралы<br>**1.** Баяндама: «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында бастауыш сынып оқушыларының оқуын саралау тәсілдері».<br>**2.** 2022-2023 оқу жылындағы І тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы:<br>А) Сыныптар бойынша білім сапасын талдау<br>Б) Пәндер бойынша сараптама<br>**3.** Тәрбие жұмысы бойынша қорытынды<br>**4. Аттестаттауға өтініш берген мұғалімдер тізімін бекіту** | Нұржанова Д.М.<br><br>Сынып жетекш.<br><br>Хойчбай Е.<br><br>Қуат Т. | Қараша |
| **№3 отырыс** | **Тәрбие отбасынан басталады** | | Қаңтар |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Өткен пед.кеңес шешімінің орындалуы туралы<br>1. Баяндама: «Отбасындығы тәрбиенің маңыздылығы»<br>**2.** Оқу-тәрбие жұмысының I жарты жылдық қорытындысы:<br>А) Сыныптар бойынша білім сапасын талдау<br>Б) Пәндер және әдістемелік жұмыс бойынша сараптама<br>**3.** Тәрбие жұмысы бойынша қорытынды:<br>А) Мектеп психологының есебі.<br>**4.** Дарынды оқушылармен жумыс жүйесі . | Шабарова А.К.<br><br>Сынып жетекш.<br><br>Психолог<br>ӘБ жетекшілері | |
| №4 отырыс | **Сапаға бағытталған білім**<br>Өткен пед.кеңес шешімінің орындалуы туралы<br>1.Баяндама: «Тиімді сабақ-оқушы мен мұғалімнің жетістікке жету жолы»<br>2.Оқу-тәрбие жұмысының III тоқсан бойынша қорытындысы:<br>А) Сыныптар бойынша білім сапасын талдау.<br>Б) Пәндер бойынша сараптама.<br>**3.** Тәрбие жұмысы бойынша қорытынды.<br>**4.** 9-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу туралы және ерекше үлгідегі аттестат алуға үміткерлер тізімін бекіту.<br>**5.**Мектептің өзін-өзі аттесттаттау жұмыстары туралы | Ахметкалиева К.Ж.<br>Сынып жетекш.<br>ОІМ<br><br>ТІМ<br><br>әкімшілік | Сәуір |
| №5 отырыс | **2022-2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие саласындағы оқу үрдісінің аякталуы** | әкімшілік | Мамыр |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Өткен пед.кеңес шешімінің орындалуы туралы<br>1.1-4 сыныптарын, 5-8 - сыныптарын сыныптан-сыныпқа көшіру. Үздік және жақсы бітірген оқушылардың тізімін бекіту.<br>2.Білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағазымен марапаттау<br>3. «Жылдың үздік мұғалімі», «Жылдың үздік оқушысы» номинациясын беру туралы, марапаттау<br>4. Оқушылар жазғы демалысының ұйымдастырылуы<br>5.Ағымдағы жөндеу жұмысы<br>6. Қызметкерлердің кезекті еңбек демалысының графигін бекіту<br>7.Оқушылардың жазғы демалыстағы қауіпсіздігі | ТІМ<br><br>Антаев К.Ж.<br>Шабарова А.К.<br>Сын.жетекш. | |
| **№6 отырыс** | **1.9-сынып түлектерінің мектеп бітіруі туралы**<br>**2.** Үздік аттестатты беру туралы.<br>3.Негізгі орта білім туралы аттестат беру. | Әкімшілік | маусым |

Сканировано с CamScanner

«Акмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Мамай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Основная средняя школа села Мамай отдела образования по району Биржан сал управления образования Акмолинской области»

## Педагогикалық кеңес отырысы
## Хаттама №1

Күні: 25. 08. 2022 жыл
Қатысқандар:11 мұғалім

**Тақырыбы:** «Білім мен ғылым – елдің тұрақты дамуы»
**Күн тәртібінде:**

1. 2021-2022 өткен оқу жылының нәтижесін сараптау. Жаңа оқу жылының міндеттерін айқындау. 2022-2023 оқу жылына оқу-тәрбие жоспарын бекіту. (мектеп директоры)
2. «2022-2023 оқу жылының басталуы туралы» бұйрығымен таныстыру. Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Мұғалімдердің апталық сағат жүктемесін бекіту. (мектеп директоры, ОІМ)
3. Әдістемелік бірлестік пен сынып жетекшілерін, кабинет меңгерушілерін бекіту, жұмыс тәртібі, ішкі күн тәртібі. (ТІМ)
4. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қолдау көрсету. Педагогикалық білім беруді жаңғырту (психолог)
5. Оқытудың штаттық режимінде санитарлық талаптарды сақтау. «Педагогикалық әдеп» комиссия құрамымын таныстыру. «Педагог мәртебесі» заңын ескерту. (директор)
6. «Мектепке жол» акциясының жүргізілуі (ТІМ)
7. Электронды журналды толтыру (Токубаев А. М.)
8. Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру, лауазымдық міндеттемелер, қауіпсіздік ережелері, еңбек келісім-шарттары туралы. (директор)
9. Әр түрлі мәселелер:
   - дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне, IT сағаттарына біліктілік, лауазымдылық ақы төлеу;
   - Жаппай Біліммен Қамту мәселелері /оқушылардың тамақтануы, әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылар тізімін бекіту, ауыл көшелеріне рейд жүргізулерді бекіту т. б. /мектеп директоры/

**Тыңдалды:**

Мектеп директоры Рамазанова С. Т. 2021-2022 оқу жылының сараптамасын жасап, өткен оқу жылында өткізілген іс-шаралардың қорытындысын баяндады:

2021-2022 оқу жылында 27 оқушы жаппай бірдей біліммен қамтылды. 1-4-сыныптарда - 13, 5-9-сыныптарда 14 оқушы оқыды. Дайындық тобында 2 бала тәрбиеленді. Өткен оқу жылымен салыстырғанда 1 оқушыға кеміді. Мектепте 6 сынып комплекті жұмыс істейді, барлығы қазақ тілінде оқытылады. Жетім бала, аз қамтылған отбасынан оқушылар жоқ, көп балалы отбасынан 8 оқушы.

Оқу сапасы, үздік - 6 /22, 2%/, жақсы – 10 /37%/ , білім сапасы - 59%, оқу үлгерімі - 100%;

Сканировано с CamScanner

2021-2022 оқу жылындағы мектеп оқушыларының мектептегі көрсеткіштерін талдау білім сапасының деңгейі қолайлы екендігін көрсетеді. Сонымен бірге білімнің төмен деңгейі 8-9-сыныптарында білім сапасының көрсеткіші 0-33%.

Өткен оқу жылында оқытушылар құрамы жалпы және орта білім туралы заңды құжаттар, мемлекеттік бағдарламаларды өз жұмысында басшылыққа алды. Оқу үрдісін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі және «кілт ретінде инновациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша жүйелі әрекетті қамтамасыз ету мәселесін шешуге бағытталған болатын талаптарға сәйкес, білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері негізінде жүзеге асырылды.

2021-2022 жылында педагогикалық кадрлардың құрамы төмендегідей болды:

Білім берудің сапасы жоғары дәрежеде педагогикалық кадрлардың кәсіби қасиеттеріне, біліктілігіне, кабілетіне және жұмыс тәжірибесіне байланысты. Мектептегі педагогтар саны – жыл басында 12 адам, жыл соңында – 10 адам, 1 мұғ. декреттік демалыс, 1 мұғ. қайтыс болды. Мұғалімдер ұжымының 50% жас маман. Педагогтардың білімі: жоғарғы педагогикалық білімі бар 7 адам (70,0 %), орта – кәсіптік білімі бар 3 адам (30,0%)

Педагогтардың біліктілігі: жоғары санатты біліктілігі бар 2 адам (20%), бірінші санатты біліктілігі бар 2 адам(20 %), екінші санатты біліктілігі бар 1 педагог (10%), санаты жоқ 5 мұғалім (50%) жаңа форматта: педагог-шебер-0; педагог-зерттеуші-1; педагог-сарапшы-1; педагог-модератор-3; яғни, 5 мұғалім аттестацияның жаңа форматы бойынша тестен өтіп, біліктіліктерін қорғады. Педагогикалық өтілі:
3 жылға дейін – 5 адам. – 50%, 3 -тен 5 ж.дейін - 0 адам- 0%, 5 -тен 15 ж.дейін - 1 адам- 10%, 16 ж. - 25 ж.дейін - 3 адам- 30 %, 25 жылдан жоғары - 1 адам.- 10 %;
Мұғалімдердің жастық құрамы: 30 жасқа дейін - 5 адам /50%/, 30 жастағы - 0 адам /0%/ , 30-50 жас аралығында – 3 адам /30%/, 50 ж.асқан– 2 адам /20%/. Педагогикалық ұжымның орташа жасы-36 жас.

2021-2022 оқу жылында мектепте ұйымдастырылған әдістемелік жұмыстар:

Мектепте құрылған әдістемелік кеңес басымдықты психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешуге үлес қосты, әдістемелік бірлестіктердің өзара іс-қимылын үйлестірді, педагогикалық қызметкерлерге «Білім беру сапасын жақсартудың басты бағыты ретінде инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша жүйелік іс-әрекетті қамтамасыз ету». Әдістемелік кеңестің бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жоспарланған бірлестік отырыстары өткізілді, оқу жылының басында «Лессон стадий» зерттеуі бойынша екі зерттеу тобы құрылып, 5 сабақ зерттелді. Зерттелген сабақтар: математика, дүниетану 2-сынып, мұғ.: Рүстемова А.К., 3-сынып ӨӨТ мұғ.:Шабарова А.К., 4-сынып жаратылыстану мұғ.: Ахметкалиева Қ.Ж., 9-сынып Қазақстан тарихы мұғ.:Қуат Т.

Өткен оқу жылында жеткен жетістіктері мен еңбектері үшін мұғалімдердің бір қатары Республикалық, облыстық және аудандық марапттарға ие болды. Атап айтсақ, мектеп директоры Рамазанова С.Т. Республикалық кәсіподақ ұйымы алғыс хатымен, бастауыш сынып мұғалімі Ахметкалиева Қ.Ж., ОТІМ Мусабаева Г.К. Ақмола облысы білім басқармасының алғыс хатымен, дене шынықтыру пәні мұғалімі Амантай Б.Ж., бастауыш сынып мұғалімі Нұржанова Д.М., тарих пәні мұғалімі Қуат Т., информатика

Сканировано с CamScanner

пәні мұғалімі Токубаев А.М. аудандық кәсіподақ ұйымының алғыс хаттарымен марапатталды және Токубаев А.М. Біржан сал ауданы әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Мамай аулының негізгі орта мектебі шыған жинақталған ауыл мектебінің атқарылған жылдық жұмыстарына өзін-өзі бағалау комиссия мүшелерінің шешімімен «zhaqsy» деп бағаланды. Білім беру ұйымының басшысы өзін-өзі бағалау қорытындысының нәтижелері бойынша камқоршылық алдында есеп берді

Мамай негізгі орта мектебінің ОІМ-сі Хойчбай Е. 2022-2023 жаңа оқу жылынын басталуы туралы бұйрықпен таныстырды:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 14 тармақшасына және Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 12 тамызындағы №363 және Ақмола облыстық білім басқармасының 2022 жылғы 18 тамыз №250, Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №06-05/104 бұйрықтарының негізінде:

Мамай ауылының негізгі орта мектебінде 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды:

2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;

Оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда 35 оқу аптасы, 2-9 сыныптарда 36 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

Оқу жылының ішіндегі каникул кезеңдері: 1-9-сыныптарда: күзгі каникул 7 күн /2022 жылғы 31 қазан - 6 қараша аралығында/, қысқы 9 күн /2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында /, көктемгі - 9 күн /2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында/;

1- Сыныптарда қосымша каникул – 7 күн /2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында/.

Мамай негізгі мектебінің ОІМ-сі Хойчбай Ермұрат «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатындағы өзгерістермен таныстырды:

Мектепалды даярлық сыныптарына арналған Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларын өзгерту. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды. Анықтама: бір күнтізбелік жылда: демалыс күндері-117, демалыс және мереке күндері - 75 күн оқу күндері-173

Мектептерде білім алушылар үшін демалыс күндерінің жиыны-192 күн;

1 сыныптар үшін Үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер:

оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады, «Өзін-өзі тану» пәні Үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінен шығарылды, «Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»; Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу, ерекше білім беруді қажетететін білім алушыларғатиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

Сканировано с CamScanner

Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу (4, 9-сыныптар);

5-11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттер» таңдау курсын оқытуды жалғастыру;

Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру;

Балалар жылына арналған іс-шараларды өткізу; «Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр», «Жылыжайлар» және тағы басқа жобаларды іске асыру. «Мектеп – ата-ана консилиумы» мектеп – ата – анна қарым-қатынасының жаңа форматын енгізу. Ертеден кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу. «Кәсіби бағдарлаушы педагогі» лауазымын енгізу. Жан басына шаққандағы қаржыландыру механизмін жүзеге асыру. Педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа ережелерін енгізу. Оқу ісінің меңгерушісі Хойчбай Е. ӘНХ туралы толық ақпарат бере отырып, пән мұғалімдерінің де жеке-жеке шолу жасап, құжатпен толық танысуларына нұсқау берді.

Мұғалімдердің сағат жүктемесі туралы сөзінде мектеп директоры Рамазанова С. Т. төмендегі мәліметтерді жеткізді:

- Мұғалімдердің сағат жүктемесі төмендегідей:

Рамазанова С. Т. /мектеп директоры 1 сағ. мөлшерлеме + 8 сағат /химия, билогия/ 5-9-с./;

Хойчбай Ермурат /ОІМ-сі 0,5 сағ. мөлшерлеме + 15 сағат /қазақ тілі, әдебиет, 5-9-с./ ;

Токубаев А. М. /1 сағ. /1-4-с./ + 3 сағ. 5-9-с. информатика, 4 сағ. технология / барлығы – 7 сағат;

Ахметкалиева К. Ж. /10+1 /1-4-сыныптарда бастауыш, 5-9-с. музыка //

Дюсенова А. К. /физика 6 сағ. математика – 10 сағат /вакант/ 0,5 тәлімгер/

Амантай Б. /15 сағат дене шынықтыру/; Шабарова А. К. /9 сағат. бастауыш/; Қуат Тілеуберді / ТІМ-сі – 0,5 сағ. мөлшерлемесі + 10 сағат тарих/; Кабиденова А. С. /11 сағат – ағылшын тілі/; Нуржанова Д. М /15 сағат бастауыш/; Мыржакимов Т. /5 сағат математика/; Таукелова Ж. Г. /4 сағат, география/, Рустемова А. К. /20сағат мектепалды даярлық/; Машан Света /0,5 психолог, вакант/; Бугабай М. /кәсіби бағдар 1сағ. мөлшерлеме/; Акылбекова А. /9 сағат, орыс тілі, вакант/;

Мектептің ОІМ-сі Хойчбай Ермурат мектепте жұмыс жасайтын әдістемелік бірлестіктер мен олардың жетекшілерін бекіту бойынша сөз сөйледі:

- Мектептің әдістемелік кеңесінің, әрі гуманитарлық бағыт пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі – Хойчбай Ермурат, жаратылыстану – математикалық бағыты пәндерінің жетекшісі Токубаев А. М., бастауыш сынып пәндері мұғалімдерінің жетекшісі Ахметкалиева Қ. Ж. болып мектеп ұжымымен кеңесе отырып бекітілді. Бірлестік жетекшілері өздері жетекшілік ететін пән бағыттары бойынша әдістемелік жұмыстарды толық ұйымдастырады.

Оқу ісінің меңгерушісі Хойчбай Ермурат жаңа оқу жылындағы кабинет меңгерушілері мен сынып жетекшілерін бекіту туралы сөз сөйледі:

Мамай негізгі мектебінің кабинет, сыныптарының меңгерушілері төмендегіше бекітілді:

Мектеп кабинеттерінің ішінде информатика кабинеті ақылы, төленеді. Жалпы 8 сынып кабинеттері бар. Олардың 4-еуі бастауыш, 1 қазақ тілі, 1 физика,
1 математика, 1 тарих сынып бөлмелері бар. Сынып жетекшілері ретінде мына мұғалімдер бекітілді: мектепалды даярлық - Русмемова А. К., 1-сынып – Нуржанова

Сканировано с CamScanner

Д. М., 3-сынып - Ахметкалиева Қ. Ж., 4-сынып - Шабарова А. К., 5-6-сынып – Дюсенова А. К., 7-8-сынып – Қуат Т., 9-сынып – Амантай Б.;

Мектептің ТІМ-сі Қуат Тілеуберді 2022-2023 оқу жылындағы мектептің ішкі жұмыс тәртібімен таныстырып өтті:

Мектептің ішкі жұмыс тәртібі ережелерін жасау үшін ҚР-ның Конституциясы, ҚР «Білім туралы заңы», ҚР «Бала құқықтары туралы конвенция», ҚР «Еңбек кодексі», ҚР «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы», «тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы ережесі», ҚР Үкіметінің Қаулысы және мектеп Жарғысы басшылыққа алынды.

Мектептің жұмыс уақыты 8.00-18.30. Түскі үзіліс: 13.00 – 14.30; Кезекшілер: 1-ауысым: 8.30-14.00; 2-ауысым: 14.00 – 18.30; Кітапхананың жұмыс уақыты: 10.00 – 12.00, 15.00-17.00; педагог-психологтің жұмыс уақыты: 9.00 – 12.00, 15.00 – 17.00 Мектеп әкімшілігінің кезекшілігі: 8.00-18.30

Мектеп әкімшілігінің кезекшілік кестесіне сәйкес жауаптылар: Рамазанова С. Т (директор, дүйсенбі), Хойчбай Е. (сәрсенбі, ОІМ), Қуат Т. (сейсенбі, ТІМ), Дюсенова А. К, (тәлімгер, бейсенбі), Токубаев А. М. (іс-қағаздар жүргізушісі, бейсенбі), Антаев К. Ж. (шаруашылық басшысы, жұма);

Психолог Машан С:

- Мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балалар жоқ. Тек тілдік кедергі бойынша және оқу үлгерімі төмен оқушылар бар. Ондай оқушылармен оқу жылы бойына сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен бірлесе отырып қосымша жұмыстар атқарылатын болады.

Мектеп директоры Рамазанова С. Т. мектептегі педагогикалық білім беруді жаңғырту, оқытудың штаттық режимінде санитарлық талаптарды сақтау «Педагогикалық әдеп», «Педагог мәртебесі» заңы бойынша сөз сөйлеп, аталған бағыттар негізінде түсіндіру, талдау жұмыстарын жүргізді.

«Мектепке жол» акциясының жүргізілуі туралы ТІМ Қуат Тілеуберді:

- «Жаппай біліммен қамту» қоры, «Мектепке жол» акциясы аясында мұғалімдер жаңа оқу жылына оқушылардың оқу құралдары мен мектеп формасы қажеттіліктерін бағдарлау мақсатында арнайы рейдтер жүргізді. Мектепте әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылар жоқ. Барлық оқушылар мектеп формасымен, оқу құрал-жабдықтарымен қамтылды. Үш оқушыға (Молшылық Ы, Жырғаухан И, Жырғаухан М.) отбасындағы уақытша қаржылық тапшылығына байланысты, мектептептің әкімшілік кеңесінің келісім шешімімен «Жаппай біліммен қамту» қорынан оқу жылының басында 40 мың теңгеден көмек көрсетілді. 1-сынып оқушыларына /Жырғаухан И. мен Нұрғазы А./ ауыл аумағында мал шаруашылығын айналысатын «КазБИФ» ЛТД фирмасының демеушілігімен алынған оқу құрал-жабдықтары мен сөмкесін ауыл әкімі табыстады.

«Күнделік КЗ» электронды журналының жүргізуі мен толтырылуы туралы сөзінде информатика пәнінің мұғалімі Токубаев А. М былай деді:

- «Күнделік КЗ» электронды журналы жүйелі түрде толтырылады. Мұғалімдер мен оқушылар, ата-аналар жиі-жиі электронды күнделікке кіріп, белсенді жұмыс жасайды. Мұғалімдер электронды журналға КТЖ- ларын енгізіп, күнделікті қалыптастырушы бағалауларын, әр бөлімнен соң БЖБ, тоқсан соңында ТЖБ жүргізеді. Ал ата-аналар балаларының білімін, бағасын қадағалайды, оқушылар да күнделікті өз бағаларымен танысып, электронды күнделікті қарайды.

Мектеп директоры Рамазанова С. Т:

Сканировано с CamScanner

- Дене шынықтыру пәні мұғалімі Амантай Б.-ға қосымша спорттық секция ұйымдастыруы үшін ақылы қосымша спорттық секцияға /3 сағат/ сағат бөлінеді. Сонымен қоса, информатика пәні мұғалімі Токубаев А. М-ге IT сыныбы үшін 1 сағат беріледі. Мектептің техникалық қызметкерлерінің қосымша жұмыстары үшін ақы төленетін болады.

Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылар анықталып, тізімі бекітіледі. Ауыл көшелеріне рейд жүргізетін мұғалімдер тізімі бекітіледі.

**Шешімі:**

Өткен оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмысындағы басымдықтар мен олқылықтарды ескере отырып, мектептің жұмыс жоспарына сай жаңа оқу жылының педагогикалық қызметі жүзеге асырылсын.

2022-2023 оқу жылына арналған ӘНХ-дағы өзгерістер мен жаңашылдықтар ескеріле отырып бағыттар мен пәндер бойынша сапалы жұмыс жасалсын.

Мектеп кабинеттері, сынып бөлмелеріне жауапты болып бекітілген ұстаздар өзіне жүктелген кабинет, сыныптардың әдістемелік, санитарлық талаптарға сай пәндік-тақырыптық стенд, көрнекіліктермен, ресурстармен жабдықталуына мән беріп, тазалығын қадағаласын. Сынып жетекшілері жауапты сыныптары бойынша оқу жылы бойында атқарылатын барлық іс-шараларға тыңғылықты дайындалсын.

Мектеп ұжымы мектептің ішкі жұмыс тәртібі мен күн тәртібіне жауапкершілікпен қарасын, тәртіпке бағынсын.

Педагог қызметкерлер педагогтың әдебін сақтап, кез келген ортада өзін педагог ретінде тек жоғары мәдениеті мен ізгілікке негізделген көркем мінез-құлқы деңгейінде танылсын.

«Күнделік» электронды журналы жүйелі әрі толық түрде жүргізілсін. «Жаппай Біліммен қамту» қоры жұмыстары жалғастырылсын.

Дене шынықтыру пәні мұғалімі Амантай Б.-ға қосымша спорттық секция ұйымдастыруы үшін ақылы қосымша спорттық секцияға 3 сағат, информатика пәні мұғалімі Токубаев А. М-ге IT сыныбы үшін 1 сағат және мектептің техникалық қызметкерлерінің қосымша жұмыстары үшін ақы төленетіні туралы бұйрық шығарылсын.

Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылар анықталып, тізімі бекітілсін. Ауыл көшелеріне рейд жүргізетін мұғалімдер тізімі бекітілсін.

**Төрайымы:** С.Т.Рамазанова

**Хатшы:** Е. Хойчбай

Сканировано с CamScanner

«Ақмола облысы білім
басқармасының Біржан сал ауданы бойынша
білім бөлімі Мамай ауылының негізгі орта
мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение
«Основная средняя школа села Мамай отдела
образования по району Биржан сал управления
образования Акмолинской области»

## Педагогикалық кеңес отырысы
## Хаттама № 2

Күні: 01. 11. 2022 жыл
Қатысқандар:11 мұғалім

**Тақырыбы: «Білім берудің инновациялық моделін құрастыру»**
**Күн тәртібінде:**

1. Баяндама: «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында бастауыш сынып оқушыларының оқуын саралау тәсілдері» (Нұржанова Д. М.)
2. 2022-2023 оқу жылындағы I тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы:
   а/ Сыныптар бойынша білім сапасын талдау;
   б/ Пәндер бойынша сараптама
3. Тәрбие жұмысы бойынша қорытынды. Суецидтің алдын-алу бойынша жүргізілген жұмыстар.
4. Аттестаттауға өтініш берген мұғалімдер тізімін бекіту.
5. Әртүрлі сұрақтар. PISA, MODO, TIMS халықаралық зерттеу жұмыстары туралы ақпаратпен бөлісу, оқушыларды дайындау.

**Тыңдалды:**

Өткен пед.кеңес отырысы шешімінің орындалуы туралы Рамазанова С.Т.сөз сөйледі. Мұғалімдердің мектептің күнтізбелі-тақырыптық жоспарлары толық бекітілгендігі және күнделікті қысқа мерзімді жоспарларының жүргізілуі ОІМ-сі тарапынан бақыланып жатқаны айтылды. Мектепте санитарлық талаптар сақталатыны, «Мектепке жол» акциясы негізінде барлық оқушылар мектепке қажетті оқу-құралдарымен, мектеп формасымен қамтылды деді директор сөзінде. «Күнделік КЗ» порталы жүйелі түрде толтырылады, кейбір аталмыш порталды салғырт толтыратын ұстаздарға ауызша ескерту берілгені айтылды.

Екінші болып сөз алған бастауыш сынып мұғалімі Нұржанова Диана Маратқызы «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында бастауыш сынып оқушыларының оқуын саралау тәсілдері» тақырыбында баяндама оқыды. Онда саралап оқыту әрекеті, оны зерттеген ғалымдар, саралап оқытудың ерекшеліктері мен түрлері туралы баяндалды.

2022-2023 оқу жылының I тоқсаны қорытындысы бойынша сөз кезегін алған ОІМ-сі Хойчбай Ермұрат:

- 2022-2023 оқу жылының I тоқсанын төмендегідей нәтижелер бойынша қорытындыладық: оқушылар саны – 29.

Мектеп директоры Рамазанова С. Т. – ның 28.10. 2022 күнгі I тоқсанның қорытындысы туралы бұйрығына сәйкес төмендегі оқу озаттарына алғыс жарияланды.

Оқу озаттары – 7. Олар:

1. Ермұрат Елнұр /3-сынып/
2. Қалмұрат Мөлдір /4-сынып/
3. Ермұрат Әбдінұр /5-сынып/
4. Мусабаев Ерали /5-сынып/

Сканировано с CamScanner

5. Ермурат Айниса /7-сынып/
6. Қапаров Нұрмат /8-сынып/
7. Қайруллина Арайлым /9-сынып/

Жоғарыдағы бұйрыққа сәйкес төмендегі оқу екпінділеріне де алғыс жарияланды:
Оқу екпінділері – 7:
1. Кенжебек Айым /3-сынып/
2. Мукушева Дамира /4-сынып/
3. Оспанов Нұрислам /5-сынып/
4. Иманшарт Оразбек /5-сынып/
5. Тлеутай Данияр /7-сынып/
6. Қапаров Нұрсат /8-сынып/
7. Мусабаева Дарига /8-сынып/

Сыныптар бойынша білім сапасының талдауы:

3-сыныптың білім сапасы – 66,67%, 4-сыныптың білім сапасы – 66,67%, 5-сыныптың білім сапасы – 66,67%, 6-сыныптың білім сапасы – 100%, 7-сыныптың білім сапасы – 33,33%, 8-сыныптың білім сапасы – 100%, 9-сыныптың білім сапасы – 33,3%;

Пәндер бойынша білім сапасының көрсеткіштері:

Гуманитарлық цикл пәндері:
Қазақ тілі - 82%, қазақ әдебиеті – 87%, орыс тілі мен әдебиеті – 73%, ағылшын тілі – 77%, қазақстан тарихы – 100%, дүние жүзі тарихы – 100%;

Жаратылыстану-математикалық бағыт:
Математика – 67%, алгебра – 67%, химия – 100%, физика – 56%, биология – 100%, география – 81%, информатика – 100%, дене шынықтыру - 100%, көркем еңбек – 100%, музыка - 100%;

Бастауыш сынып пәндері бағыты:
Қазақ тілі – 66%, әдебиеттік оқу – 66%, орыс тілі – 83%, ағылшын тілі – 83%, математика – 83%, дүниетану – 100%, жаратылыстану– 100%;

Ұстаздардың жетістіктеріне тоқталған ОІМ-сі Хойчбай Е:
- I оқу тоқсаны барысында ұстаздарымыз түрлі сайыс – конкурстарға қатысып жүлделі орындар иеленді, бір мұғалім білім жетілдіру курсынан өтті.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Хойчбай Ермурат «Үздік педагог» кәсіби конкурсының аудандық кезеңіне қатысып, жүлделі III орынды иеленді. Сонымен қатар, 25 қазан – Республика күні мерекесіне арналған аудан активінің жиынында аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Хойчбай Ермурат 26.09 – 07.10.2022 аралығында Көкшетау қаласында «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығында «Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент» тақырыбында білім жетілдіру курсынан өтті.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Амантай Бахтияр оқушылар арасында аудандық теннис сайысында оқушылары жүлделі II орынды иеленгендері үшін мадақтамамен марапатталды.

2022-2023 оқу жылының I тоқсанында өткізілген тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша сөз кезегін алған ТІМ-сі Тілеуберді Қуат:

- 2022-2023 оқу жылының I тоқсанында тәрбие жұмысы бойынша жоспарланған төмендегі іс-шаралар толық жүзеге асырылды:

1 қыркүйек Білім күніне арналып «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында жиын өткізілді. Барлық сыныптарда «Терең білім –

Сканировано с CamScanner

еңбексүйгіштік және отаншылдық қасиет» атты білім сағаттары ұйымдастырылып өткізілді.

Оқу тоқсанының алғашқы күндері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орайластырылған Тілдер онкүндігі өткізілді. Атап айтқанда, «Ахмет – Ана тілі – егіз ұғым» (көрініс, 5-6-сынып, сынып жетекшісі Дюсенова А. Қ.),

Жолда жүру ережесін сақтау («Жолда жүру ережесін сақтайық» (сынып сағаты, 3-сынып, сынып жетекшісі Ахметкалиева Қ. Ж.);

Шығармашыл оқушылар арасында өткізілген «Ақберен» өнер байқауының аудандық кезеңіне қатысқан оқушыларымыз жүлделі орындарды иеленді:
Қапаров Нұрмат (8-сынып) – І орын (көркемсөз оқу аталымы) Нұрмат аталмыш өнер конкурсының облыстық кезеңіне қатысқаны үшін сертификат иеленді;
Қайруллина Арайлым (9-сынып) – III орын (эссе жазу аталымы);

Мектептің 7-9-сынып оқушылары арасында «Тіл тағдыры – Ел тағдыры» және «Латын әліпбиіне көшудің пайдасы» тақырыптарында пікірсайыстар өткізілді.
«Мен өз елімнің азаматымын» атты аудандық пікірталас сайысына оқушыларымыз қатысты. 9-сынып оқушысы Қайруллина А. «Үздік спикер» аталымына ие болды. (өткізген Дюсенова А. Қ.)

Мұғалімдер күні мерекесіне орай мектептің өзін- өзі басқару ұйымы мен оқушылар бірқүндік ұстаз міндетін атқарып көрді.

1 қазан - Қарттар күніне орай концерттік бағдарлама мен ауыл қарияларына дастархан жайылып, сый-сияпат жасалды. Аталмыш шараны ауыл әкімдігі мен мектеп ұжымы бірлесе арткарды.

25 қазан Республика күніне орай іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарға сай өткізілді. Соның ішінде, «Отаным менің – Қазақстан!» тақырыбында өткізілген сынып сағаттарын атап айтуға болады.

Мектептің оқу жоспарына сай қараша айында жаратылыстану, математика және физика пәндерінің онкүндігі жоспарға сай ұйымдастырылып өткізілді. (Жауапты Дюсенова А. Қ.)

28 қазан күні «Отбасы – бақыт мекені!» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Оқушылардың құқықтық сауаттылықтары туралы сынып сағаттары өткізілді. Суецидті болдырмау бойынша мектеп психологі Машан С. психологиялық тренингтер ұйымдастырды.

Аудандық «Баянғали оқуларына» мектебімізден екі оқушы (Қайруллина А. (9-с.) Ермұрат А. (7-с.)) қатысты. Қайруллина Арайлым «Актерлік шеберлігі үшін» аталымына ие болды. (Жетекшісі Хойчбай Е.)

Аттестаттауға кезекте тұрған, өтініш берген мұғалімдер туралы ақпаратпен ОІМ-сі Хойчбай Е. бөлісті:

Аттестация өтуге үміткер мұғалімдер:

Қуат Тілеуберді (тарих пәнінің мұғалімі, білімі – жоғары, еңбек өтілі – 3 жыл ) 2022-2023 жыл аралығында педагог-модератор санатына үміткер;

Шабарова Айсұлу Қабдуалиқызы (бастауыш сынып мұғалімі, білімі – жоғары, еңбек өтілі – 17 жыл) 2022-2023 жыл аралығында педагог-модератор санатына үміткер;

**Шешімі:**

- Баяндамада оқылған мәселелер, оқыту процесінде қолданылсын;

Сканировано с CamScanner

- Келесі оқу тоқсанында оқушылардың білім сапасын, сынып пен пәндер бойынша білім сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін;
- Тәрбие бағыты бойынша жоспарланған іс-шаралар алдағы оқу тоқсанында жалғастырылсын;
- Аттестацияға өтініш берген, үміткер мұғалімдер портфолиоларын талапқа сай рәсімдеп, санатқа сай нәтижеге жету жолында жұмыс жүргізсін.

**Төрайымы:** С.Т.Рамазанова

**Хатшы:** Е.Хойчбай

Сканировано с CamScanner

«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Мамай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Основная средняя школа села Мамай отдела образования по району Биржан сал управления образования Акмолинской области»

**Педагогикалық кеңес отырысы**
**Хаттама №3**

Күні: 29. 12. 2022 жыл

**Қатысқандар:** 11 мұғалім
**Тақырыбы:** «Тәрбие отбасынан басталады»

**Күн тәртібінде:**
1. Баяндама: «Отбасындағы тәрбиенің маңыздылығы» ( Шабарова А. К.)
2. Оқу-тәрбие жұмысының I жартыжылдық қорытындысы:
а/ Сыныптар бойынша білім сапасын талдау;
б/ Пәндер және әдістемелік жұмыс бойынша сараптама;
3. Тәрбие жұмысы бойынша қорытынды:
Мектеп психологінің есебі;
4. Дарынды оқушылармен жұмыс жүйесі.

**Тыңдалды:**

Өткен педкеңесте қарастырылған мәселелер оң шешімін тапты. Өткен оқу тоқсанында оқушылардың білім сапасын, сынып пен пәндер бойынша білім сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Тәрбие бағыты бойынша жоспарланған іс-шаралар өткен оқу тоқсанында жалғастырылды. Аттестацияға өтініш берген, үміткер мұғалімдер портфолиоларын талапқа сай рәсімдеуде, санатқа сай нәтижеге жету жолында жұмыс жүргізілуде.

Шабарова Айсулу Кабдуалиқызы «Отбасындағы тәрбиенің маңыздылығы» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада отбасы тәрбиесіне байланысты өзекті мәселелер қозғалды. Баяндамада отбасының маңызы, отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі туралы маңызды ақпараттар берілді.

Келесі оқу-тәрбие жұмысының II тоқсан бойынша қорытындысына тоқталған ОІМ-сі Хойчбай Ермурат:

- I жартыжылдықта мектепте білім алған оқушылар саны - 29. Оның ішінде оқу озаттары – 7, оқу екпінділері – 8, білім сапасы – 68%, үлгерім - 100%;

II тоқсан бойынша оқу озаттары: Ермұрат Елнұр (3-сынып), Қалмұрат Мөлдір (4-сынып), Ермұрат Әбдінұр (5-сынып), Мусабаев Ерали (5-сынып), Ермұрат Айниса (7-сынып), Қапаров Нұрмат (8-сынып), Қайруллина Арайлым (9-сынып);

Оқу екпінділері: Кенжебек Айым (3-сынып), Мукушева Дамира (4-сынып), Иманшарт Оразбек (5-сынып), Оспанов Нұрислам (5-сынып), Тлеутай Данияр (6-сынып), Абенов Рауан (7-сынып), Мусабаева Дариға(8-сынып), Қапаров Нұрсат (8-сынып);

II тоқсан бойынша сыныптардың білім сапасының көрсеткішін берілген кесте бойынша таныстырып өтті:

| Реті | Сынып | Көрсеткіштер |
|---|---|---|
| 1. | 3 | Оқушылар саны – 3, Оқу озаты – 1, Екпінді - 1, Қанағат - 1<br>Сапа – 66,6%, Үлгерім – 100%; |
| 2. | 4 | Оқушылар саны – 3, Оқу озаты – 1, Екпінді - 1, Қанағат - 1<br>Сапа – 66,6%, Үлгерім – 100%; |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| 3. | 5 | Оқушылар саны – 6, Оқу озаты – 2, Екпінді - 2, Қанағат - 2 Сапа – 66,6%, Үлгерім – 100%; |
| 4. | 6 | Оқушылар саны – 1, Оқу озаты – - , Екпінді - 1, Қанағат - - Сапа – 100%, Үлгерім – 100%; |
| 5. | 7 | Оқушылар саны – 3, Оқу озаты – 1, Екпінді - 1, Қанағат - 1 Сапа – 66,6%, Үлгерім – 100%; |
| 6. | 8 | Оқушылар саны – 3, Оқу озаты – 1, Екпінді - 2, Қанағат - - Сапа – 100%, Үлгерім – 100%; |
| 7. | 9 | Оқушылар саны – 3, Оқу озаты – 1, Екпінді - -, Қанағат - 2 Сапа – 33,3%, Үлгерім – 100%; |

II тоқсан қорытындысы негізінде пәндер бойынша білім сапасының көрсеткіші мынадай: қазақ тілі – 100%, қазақ әдебиеті - 100%, орыс тілі мен әдебиеті – 73%, ағылшын тілі - 77%, қазақстан тарихы – 100%, дүние жүзі тарихы – 100%, математика – 77%, алгебра – 66,7%, химия – 78%, физика – 66%, биология - 89%, география – 81%, информатика, дене шынықтыру, көркем еңбек, музыка - 100%;

Бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндер бойынша білім сапасының көрсеткіші төмендегідей:

| № | пән | Білім сапасы | |
|---|---|---|---|
| | | I тоқсан | II тоқсан |
| 1. | ҚАЗАҚ ТІЛІ | 66% | 66% |
| 2. | ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ | 66% | 66,7% |
| 3. | ОРЫС ТІЛІ | 83% | 83% |
| 4. | АҒЫЛШЫН ТІЛІ | 83% | 66% |
| 5. | МАТЕМАТИКА | 83% | 83,3% |
| 6. | ДҮНИЕТАНУ | 100% | 100% |
| 7. | ЖАРАТЫЛЫСТАНУ | 100% | 100% |

Оқу ісінің меңгерушісі Хойчбай Ермурат мұғалімдер жетістігінің тоқсан сайынғы рейтингісін төмендегі кесте бойынша талдап, таныстырып өтті:

